

**Пәкстан Ислам Республикасы мен Бангладеш Республикасының несие желілері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша төлемдерді өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 желтоқсан N 1887

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы берген 1994 жылғы 25 наурыздағы N Ф22-3/23 мемлекеттік кепілдікке және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасы арасындағы 1992 жылғы 18 тамыздағы несие беру туралы келісімге сәйкес, шетелдік банктердің шоттары негізінде 5 156 977, 15 (бес миллион жүз елу алты мың тоғыз жүз жетпіс жеті доллар, он бес цент) АҚШ доллары шегінде Пәкстан Ислам Республикасының несие желісі және 9 411 298,41 (тоғыз миллион төрт жүз он бір мың екі жүз тоқсан сегіз доллар, қырық бір цент) АҚШ доллары шегінде Бангладеш Республикасы несие желісі бойынша, 2000 жылға арналған республикалық бюджетте Z990473\_ "Үкіметтік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты несиелендіру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде, төлемдерді жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі және "Тұран Әлем Банкі" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын және қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты

бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қолданылған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.